

*ЖМ “Сүлейман Демирел атындағы университет”
Филология және педагогика ғылымдары факультеті
“Қазақ филология” кафедрасы*



СӨЖ

Тексерген: *Нұржанова Айсұлу*
Орындаған: *Қалитова Толқын*

Алматы 2016



Нүктелі үтір



;



Нүктелі үтір

- Нүктелі үтір (;) - жазуда пайдалынатын тыныс белгілерінің бірі.
- Негізінен, жай сөйлемдердің арасына қойылады. Бұл белгіні қоюда сөйлемнің құрылысы мен мағынасы негізге алынады.

• Нүктелі үтірді сөйлемнің құрылысына қарай қойғанда, құрмаласқа енген жай сөйлемдер баяндауыштарының тұлғалық жағынан және жасалу жолдары жағынан сәйкестілігі, бірыңғайлығы, тепе-теңдік тиянақтылығы ескеріледі.

- **Мысалы:**
- *Шинель әрі тар, әрі ықшам: астына салса, үстіне жетпейді; үстіне жапса, астына салуға жетпейді; басына жастануға қалмайды; жатса, жанбасына салуға жетпейді; жата қалса, жанбасына жер батады. ("Ә және И")*

- **Нүктелі үтірді қоюда сөйлемнің мағынасы негізге алынады дегенде, баяндауыштары біркелкі тұлғалы жай сөйлемдердің мағыналары әрі өзара жақын, әрі тәуелсіз болатындығы және оларды жеке-жеке сөйлем еткенде мағынаға нұқсан келмейтіндігі ескеріледі.**

Нүктелі үтір мынадай жағдайларда қойылады:

✓ Баяндауыштары тұлғалас, мағыналары теңдес, санамаланған сөйлемдер жалпылауыш мәнді сөйлемдердің мағынасын ашып тұрса, санамаланған сөйлемдердің әрқайсысы нүктелі үтірмен ажыратылады

.(Жұрттың бәрі соған қарай дүрлікті: біреуі қолын бұлғады; біреуі оның атын атап айқайлады; енді біреулері ерсілі-қарсылы жүгірді. Б. М.).

✓ **Баяндауыштары тұлғалас сөйлемдер бірін-бірі толықтырып тұратын болса, ондай салалас құрмалас сөйлемдердің арасына нүктелі үтір қойылады.**

Кісіге біліміне қарай болыстық қылады; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады (Абай)

✓ **Мазмұны әуендес болып келетін
бірыңғай сөйлемдерден соң
нүктелі үтір қойылады.**

**Бақпен асқан патшадан мимен
асқан қара артық; сақалын сатқан
кәріден еңбегін сатқан бала артық
(Абай).**

✓ **Нүктелі үтір тек жай сөйлемдер арасына ғана емес, сонымен қатар мағыналары жуық, ұласа айтылған құрмалас сөйлемдердің арасына нүктелі үтір қойылады.**

✓ **Жалпылауыш мәнді сөйлемнің мәнін ашып тұратын шартты бағыныңқылы сабақтас құрмаластар нүктелі үтірмен ажыратылады.**

Жаман дос көлеңке: басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың; басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың (Абай)

✓ **Бастауыштары тұлғалас, мағыналық жағынан жақын, өзара теңдес болып келетін салалас құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдер іштей нүктелі үтірмен ажыратылады.**

Байжан студенттік шақтарының бәрін құмартқан Днепрдің жағасында өткізді; көздің жасындай мөлдір суында талай қаздай қалқып жүзді; жасыл шалғынына талай аунады; тоғайын талай кезді (С. М.).

- ✓ **Жалпылауыш мәнді сөйлемнің мәнін ашып көрсететін санамаланған күрделі бірыңғай мүшелер үтірдің санын көбейте бермес үшін, нүктелі үтір қойылады.**

Дулаттың денгелек құйрық, сида сирақ ақ ауыз қойын; бүйірінің жабағысы түсіп қалған таңқы құйрық Қарғалы қойын; жағының жүні үрпий тұратын меринос қойын; сирағы қысқа, жүні тығыз, сүйегі шағын қазақтың биязы жүнді меринос қойын; Александр Антонович көріп: - Колхозыңыз қойдың талай тұқымын жиған-ақ екен! - деді.

Дереккөздер

- 1. Қазақ тілі. Энциклопедия.
Алматы: Қазақстан
Республикасы Білім, мәдениет
және денсаулық сақтау
министрлігі, Қазақстан даму
институты, 1998 жыл, 509 бет.**

**• НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**